КОПИЯ/КӨШІРМЕ

РЕШЕНИЕ
ИМЕНЕМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2024 жылғы 27 қыркүйек №7119-24-00-2/11869 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Астана қаласы әкімдігінің "Астана суарнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Карасаевич Еркебулан Мусажанов
жеке кәсіпкер "MarDin" тұлғасында Мамбетәлі Маржан Бауыржанқызы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

"Астана қаласы әкімдігінің "Астана суарнасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жеке кәсіпкер Карасаевич Еркебулан Мусажановқа, жеке кәсіпкер "MarDin" тұлғасында Мамбетәлі Маржан Бауыржанқызына мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы –қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Карасаевич Еркебулан Мусажанов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер "MarDin" тұлғасында Мамбетәлі Маржан Бауыржанқызы мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Карасаевич Еркебулан Мусажановтан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер "MarDin" тұлғасында Мамбетәлі Маржан Бауыржанқызынан мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Шамшильдин Т.

Документ подписан: Шамшильдин Т., 29.09.2024

Дата вступления в законную силу: 04.11.2024, Судья Шамшильдин Т., 15.11.2024

7119-24-3-1/11165